



Созақ аудандық мәслихаты
№8 22.11.2023 ж

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс тоғызыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс тоғызыншы сессиясы 2023 жылғы 29 қараша, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының
төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс тоғызыншы сессиясы 2023 жылғы 29 қараша, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 29 қараша, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 29 қараша, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1. Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы «2023 - 2025 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 2 маусымдағы №108 «Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы

О.Жәмиев

Баспасөз-2024

«Созақ үні» оқырмандармен бірге, жазылуға асығыңыздар!

Келер жылы аудан айнасы «Созақ үні» газетінің жарық көргеніне 94 жыл болады. Осынау мерзім ішінде тоқсан бес жылға жуық тарихи бар басылым билік пен бұхара арасында алтын көпір қызметін атқаруда.

Ауданның жаңалығынан уақытылы хабардар болып, рухани байлығыңызды байытқыңыз келсе, өңіріміздің сөз жариясы «Созақ үніне» жазылыңыз!

Газеттің шығармашыл ұжымы оқырмандарға қызмет көрсетуге, сіздердің ой-пікірлеріңізді тыңдауға, басылым бетінде жариялауға қай уақытта әзір.

Жазылу индексі: 64450

Редакция арқылы жазылу-2500 теңге

Қазпошта мекемесі арқылы-2662,74 теңге.

Мекемелер үшін-3862,74 теңге.

«Ернұр Пресс» ЖШС арқылы-2730 теңге.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыбританияның бизнес және сауда істері жөніндегі мемлекеттік министрі Нусрат Ганиге ілтипат білдіре отырып, Ұлыбритания Қазақстанның негізгі сауда серіктесінің бірі және ел экономикасына инвестиция салу көрсеткіші бойынша жетінші инвестор екенін атап өтті.

Бүгінде Қазақстанда 550-ден астам британдық кәсіпорын жұмыс істеп жатыр, олардың арасында Shell және Ernst & Young сияқты жетекші компаниялар бар.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан мен



Қазақстан Президенті Ұлыбританияның мемлекеттік министрін қабылдады

Ұлыбритания арасындағы тауар айналымы былтыр 60 пайызға артып, 1,8 миллиард долларды құрады.

—Біз Лондонмен сауда және инвестиция салаларындағы байланыстарымыз-

ды кеңейтуге мүдделіміз. Британдық тараптың да Қазақстанмен жан-жақты ынтымақтастықты дамытуға ниет танытып отырғанын ерекше атап өткім келеді, — деді Президент.

Өз кезегінде Нусрат Гани

құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Қазақстан халқына ризашылығын білдіріп, Ұлыбритания тарапы екіжақты байланыстарды дамытуға баса мән беретінін атап өтті.



Бюджетті үнемдейді

Шымкентте мамандар жол салатын жаңа технология ойлап тапты

Шымкентте жол құрылысының жаңа технологиясы енгізілуде, бұл бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдейді.

Технологияға сәйкес, жол қоспасы алдын ала дайындықсыз, яғни тас төселмей тұрып, бірден жер бетіне төселеді. Асфальтты тегістейтін ауыр доңғалақты трактордың қажеті жоқ. Барлығы өз салмағымен тығыздалады. Ол үшін көлік қозғалысын төрт сағатқа жабу керек.

Әзірге тәжірибе ретінде 400 метр жол салынды. Оны қазірдің өзінде ауыр жүк көліктері сынап жатыр. Осы технологияның арқасында мегаполис қысқа мерзімде қара жолдар мәселесін шешкісі келеді, оның шетінде шамамен 158 шақырым бар.

«Бұл - суық қайта өңдеумен төселген бірінші жол. Бұл Қазақстанның ешбір аймағында тәжірибеде болған жоқ. Бұл жол Сапа орталығының бақылауында, біз қысқы маусымда жолдың аязға төзімділігін тексереміз», - деді Шымкент қалалық жолғаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ролан Ибрагимов.

«Созақ үні»-ақпарат.

Бюджет туралы заң қаралды

Сенат депутаттары Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024-2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заңдарды талқылады.

Қаржы министрлігі өкілінің ақпараты бойынша 2024 жылы әлеуметтік саланың шығыстары 2023 жылға қарағанда 1,4 трлн теңгеге ұлғайып, 9,9 трлн теңгеге жетеді деп болжанып отыр. Бұл қаржы әлеуметтік төлемдерді индекскеу, бала күтімінің ақылы кезеңін 1,5 жасқа дейін



ұлғайтуға, стипендияларды арттыруға, азаматтық қызметшілер мен педагогтерге еңбекақы төлеуге бағытталады.

Сонымен қатар сенаторларға экономиканың нақты секторын дамытуға қолдауға 2024 жылға 2,9 трлн теңге қарастырылғаны туралы айтылды. Олар өңдеу өнеркәсібін дамытуға, өңірлерде жалғасып жатқан инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және қолдауға және т.б. салаларға бағытталмақ.

Сенаторлардың айтуынша, қарастырылып отырған заңдар республикалық бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге және Ұлттық қордың тұрақтандыру функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



бұзушылықтар мен қайырымдылық істері, талапты жастар туралы мәлімет алды.

Орталықта ерекше жан Баймаханов Ізбасар мемлекеттен қайтарымсыз грант ұту арқылы өз кәсібін ашқан болатын. Тілшіге берген сұхбатында елге үлгі болар азамат қазіргі таңда компьютерлік қызмет көрсету орталығы арқылы аудан халқына өз пайдасын тигізіп отырғанын, жастарға бизнеске қадам басу керектігін тілге тиек етті.

“Оңтүстік” телеарнасы аудан жастары үшін атқарылып жатқан игі істер мен бо-

“ОҢТҮСТІК-TV” ТЕРІСКЕЙДЕ ҚОНАҚТА

Өткен аптада “Оңтүстік” телеарнасы Созақ аудандық “Жастар ресурстық орталығы” КММ-де қонақта болды. Телеарнаға мекеме басшысы Олжас Төлепбергнұлы Созақ жастары туралы, оларға қарастырылған жағдайлар, атқарылып жат-

қан жұмыстар туралы сұхбат берді.

Сонымен қатар, орталық психологы Құралай Мұхтарқызынан жастар психологиясы, нашақорлыққа қарсы атқарылып жатқан жұмыстар, жастар арасындағы зорлық-зомбылық, құқық-

лашақтың кемел болуы үшін жасалған толық дүниелермен таныс болды. Алдағы уақыттағы жоспарлар арқылы аудан жастарымыз биік белестер мен еліміздің көркеюі мен дамуы жолында тұлғалы азаматтар болатынына сенеміз.

Мәслихат тынысы

АЙТЫЛҒАН ҰСЫНЫС-ӨТІНІШТЕР НАЗАРДА БОЛАДЫ

2023 жылдың қараша айының 17-ші жұлдызында жұма күні №6 Жартытөбе сайлау учаскесінен сайланған депутат Сапарбаев Рыскелді Ұнсарыұлы өзге де

ауылының көшелерін түрлі-түсті шамдармен безендіруді қажет ететіндігі жөнінде ұсыныс-пікірлері айтылды.

Мұнан соң кездесу жиыны түстен кейін Шолаққорған



әріптестері сияқты Бабата, Жартытөбе, Аққолтық, Балдысу ауылының сайлаушылармен кездесті, олардың талап-тілектерін тындады.

Әуелгі кездесу жиыны Жартытөбе ауылдық округінен басталды. Ауыл тұрғындарымен кездесуді Жартытөбе ауылдық округінің әкімі Данияр Елшібекұлы кіріспе сөз сөйлеп, ашып жүргізіп отырды.

Халық қалаулысының хабарламасынан кейін, сайлаушылар оған бірқатар сұрақтар қойып, жауаптар алды. Сайлаушылар тарапынан Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын, Бабата ауылына жаздық футбол алаңы мен бір көшеге көше жарығын және де Жартытөбе

ауылдық округіне қарасты Балдысу ауылында Жамбыл атындағы жалпы орта мектебінің мәжіліс залында жалғасын тапты. Ауыл тұрғындарымен кездесуді Шолаққорған ауылдық округінің әкімі Әділ Кемалұлы кіріспе сөз сөйлеп, ашып жүргізіп отырды.

Халық қалаулысы өз сайлаушылары алдында сөз сөйлеп, мәслихаттың 10 айда атқарған жұмыстарымен таныстырып өтті.

Төрт жерде де кездесу жиыны өзара түсіністік, әңгімелесу, сұрақ-жауап түрінде өтіп, алдағы кезде де тығыз бірлікте жұмыс жасауға уағдаласылды.

Созақ аудандық мәслихаты.

Қазатомөнеркәсіп жеңімпаз атанды

16 қарашада «Қазақстан қор биржасы» АҚ KASE құрылғанына 30 жыл толуына орай Халықаралық биржалық форум аясында қор нарығының, листингтік компаниялардың және биржаның серіктестерінің үздік өкілдерін марапаттау рәсімін өткізді.

«Акциялар нарығының көшбасшысы» номинациясы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жеңімпаз болып танылды, компания акциялары тиісті биржалық секторда барынша сауда белсенділігін көрсетті.

«Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бірінші кезекте Қазақстан қор биржасын 30 жылдық мерейтойымен құттықтағым келеді. Біз қазақстандық капитал нарығын дамытуға экономикалық өсудің негізгі



драйверлерінің бірі ретінде біздің көпжылдық ынтымақтастығымыз бен биржаның қосқан үлесін жоғары бағалаймыз. Біз атом холдингінің қызметін кәсіби қоғамдастықтың жоғары бағалағаны үшін қазақстандық қор биржасына алғыс айтамыз. Марапат компанияның инвесторларға, серіктестерге ашықтығының жоғары деңгейін көрсетеді және корпоративтік басқарудың әлемдік тәжірибесіне бейімділіктің дәлелі болып табылады. Қазатомөнеркәсіп қор нарығы мен Қазақстанның капитал нарығын дамытудың бір бөлігі болғанына қуаныштымын», - деді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ стратегия және маркетинг жөніндегі басқарушы директоры Сәйтжан Жәнібеков.

Айта кетсек, Қазатомөнеркәсіп қараша айында Лондон қор биржасында және Astana International Exchange биржасында өзінің алғашқы жария орналастырылуының (IPO) бес жылдығын мерекелеуде. Қазатомөнеркәсіптің IPO нәтижелерін жаһандық инвестициялық қоғамдастық оң қабылдады.

Қазатомөнеркәсіп-әлемдегі ең ірі өндіруші, сондай-ақ бүкіл әлемдегі атом электр станцияларында көміртексіз электр энергиясын өндіруді қамтамасыз ететін табиғи уранды сату бойынша әлемдік нарықтың көшбасшысы.

Нұржамал МАЙУСОВА.



Дөңгелек үстел өтті

Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Қыземшек кенті модельді кітапханасымен Қыземшек кенті мәдениет үйінің бірлесе ұйымдастыруымен «Діни экстремизм әлемге төнген қауіп!» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Шараға кент имамы Жәлел Тұрсынәлі, кент төбебиі Іңқәрбек Далабай, ауыл қариялары, мәдениет үйінің қызметкерлері және кент тұрғындары қатысты. Жиын барысында келген қонақтар жастар арасында белең алып келе жатқан кеселдің бірі терроризмді болдырмау жолдары мен жас ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығына тоқталды. Кент имамы Жәлел Тұрсынәлі енегелі әңгіме айтып, көпшілікті ынтымаққа, бірлікке шақырды.

ТҮНГІ РЕЙД

Аудандық “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің ұйымдастыруымен аудандық полиция бөлімімен бірлесе отыра, рейд жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты ауыл жастары арасында құқық-



бұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің болмауын, жастардың зиянды әдеттерден аулақ болуын қадағалау.

Ауыл дүкендерінде көмелетке толмаған жастарға спирттік ішімдік, темекі тағы басқа зиянды заттардың сатылмауын қадағалап, дүкен иелеріне де ескертілді.

«Созақ үні» - ақпарат.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Созақ ауданының 95 жылдығы және 15 қараша-Ұлттық валюта күніне орай “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің ұйымдастыруымен “Ұлттық ойындар” сайысы Шу, Құмкент, Созақ ауылдық округтерінде өтті. Аталмыш мереке 3 күн бойы ауданымызда жаңғыра тойланып, Ұлттық валюта арқылы ұлттық құндылықтарымызды оятты. Жарыс аудан жастары арасында арқан тартыс, ләңгі тебу, асық ату, гip тасын көтеруден тұрды.

Шу ауылдық округінде Тасты, Жуантөбе, Қыземшек, Шу ауыл жастары, Құмкент ауылдық округінде Жартытөбе, Шолаққорған, Таукент, Құмкент ауыл жастары, Созақ ауылдық округінде Қаратау, Қарақұр, Созақ, Ыбырай ауыл жастары қатысты.

Сайыстың мақсаты аудан жастары арасында достық қарым-қатынасын нығайту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу және бабалардан қалған ұлттық ойындарын кеңінен насихаттау болып табылады.

Жарыс әр ауылда тартысты өтті. Өз ауылдарының намысын қорғап келген жастар еріспей беріспеді. Ата-бабамыз мұра етіп қалдырған бұл ойындар, жастар арасында ұмыт қалмай, қайта жаңғырғандай болды.

Жеңіске жеткен жеңімпаздар мен барлық қатысқан командаларға Алғыс хат пен ынталандыру және қаржылай сыйлықтар табыс етілді.



Ұстаздардың ұлы есімі ұлықталды



С.Қожанов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектепте өздерінің саналы ғұмырын, жастық жалынын туған жерінің гүлденуіне, болашағының өркендеуіне арнаған бірқатар ардагер ұстаздарды есте сақтап, жас өрендерге насихаттау мақсатында оқу кабинеттері ашылды. География дәрісханасына Мұртазаев Бекеннің, математика дәрісханасына Мекебаев Саржанның, физика дәрісханасына Зейдуллахлы Болатханның және тарих дәрісханасына Жораев Нарынбай сынды ұстаздардың есімі берілді.

Іс-шараға Созақ ауданының білім бөлімінің бас маманы Әбдиев Мамырхан Көшкінбайұлы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Созақ ауданының Құрметті азаматы, оқу ісінің үздігі, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дің оқытушысы Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы ақын, Қарғабай Мақсат Жәңісұлы және есімі берілген

тұлғалардың отбасы мүшелері, ардагер ұстаздар, үзегілес аға-інілері қатысты.

Тағылымды шараға қатысушылар аталған ұстаздардың еңбек жолы туралы жағымды естеліктермен бөлісті. Дастархан басында өмірден озған ұстаздардың рухына бағыштап құран оқылды.

Шара соңы шәкірттерінің ізгі тілектеріне, ән-шашуларына ұласты. Осындай тәлім-тәрбиесі мол іс-шаралар өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге бола бермек.

Мұртазаев Бекжапар (Бекен) - 1938 жылы 28 ақпан күні дүниеге келген. 1960 жылы Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы университетке (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) оқуға түсіп, 1965 жылы аталған университетті «қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы» мамандығы бойынша бітірген. 1969-1981 жылдары Созақ ауданы, Қаратау ауылындағы И.В.Панфилов атындағы жалпы орта мектебінде, 1981-2001 жылдары Ақсүмбе ауылындағы С.Қожанов атындағы орта

мектепте ұстаздық еңбек еткен. 2005 жылы Тұңғыш Президенттің шақыртуымен Астана қаласында ардагер ұстаздарға арналған салтанатты жиында болған. Мұртазаев Бекен 36 жыл білім саласында еңбек етіп, 2001 жылы зейнеткерлікке шықты. 2015 жылы дүниеден озды.

Мекебаев Саржан - 1973 жылы Жамбыл қаласындағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы педагогикалық институтының «Физика-математика» факультетін бітірген, мамандығы математика пәнінің мұғалімі. Еңбек жолын өзі білім алған И.В.Панфилов атындағы орта мектебінде 1967 жылы дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, тәлімгер, математика пәнінің мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болды. Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі», 1986-1990 жылдары жергілікті ауылдық кеңестің депутаты болып сайланды. Ол 45 жыл 6 ай бойы абыройлы ұстаздық еткен, оның ішінде 23 жыл бойы Панфилов атындағы орта мектептің директоры болып қызметін

атқарған Саржан Мекебаев 2013 жылдың мамыр айының 15 жұлдызында қайтыс болды.

Жораев Нарынбай Өмірбекұлы - 1973 жылы Панфилов атындағы он жылдық мектепті тәмамдайды. 1974-1976 жылдары Кеңес армиясы қатарында азаматтық борышын өтеп қайтты. Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін 1982 жылы бітіріп шықты. 1987-1988 оқу жылында С.Қожанов атындағы орта мектебіне алдымен тарих пәнінің мұғалімі, кейіннен мектеп директорының орынбасары болды. 1995-2013 жылдары С.Қожанов атындағы орта мектебінде басшылық жасады. 2013 жылдың ақпанынан бастап, А.С.Макаренко атындағы жалпы орта мектептің директоры қызметін абыроймен атқарып, зейнеткерлікке шықты. «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер», «Білім беру ісінің үздігі», «1 дәрежелі білікті басшы», «Адам факторы» төсбелгілерінің иегері. 2022 жылы 5 тамызда 66 жасында қайтыс болды.

Зейдуллахлы Болатхан Ақсүмбе ауылының тумасы. Осы ауылдағы мектепте бастауыш білім алған. 1978 жылы Алматы қаласындағы Шетел тілдері институтының француз тілі факультетін бітірді. Жетісай ауданында, Жетісай қаласында мектеп мұғалімі, директордың оқу тәрбие жөніндегі орынбасары, Кентау қалалық білім бөлімінде инспектор, Түркістан ауданы әкімі аппаратында бас маман, ішкі саясат және жалпы бөлім басшысы, мектеп директоры, Түркістан және Кентау қалаларында қалалық білім бөлімдерінің бастығы, Шымкент қаласындағы ОҚО Бойынша педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының бөлім бастығы қызметтерін абыройлы атқарып зейнеткерлікке шыққан.

Бидаш ІЗБАЛАЕВА,
С.Қожанов атындағы мектеп директорының орынбасары.

«Баланы жастан...» деген халқымызда жақсы тәміл бар. Осы сөздің мағынасына терең бойласақ оның негізінде көп мәселе жатыр. Жас өскін әуелгі тәрбиені отбасынан алады. Жанжыдағы ата-анасының тіршілігі балаға бірден бір үлгі. Олардың сөйлеген сөзі, киім киісі, төңірегіндегілермен қарым-қатынасы өскелең ұрпаққа тәлім мен тағылым. Мұндайды алма алмаға қарап ірең алады дегенге саятын шығар. Демек үйде балалармен дастархан басында отырғанда, сабағын қараған кезде, еңбекке баулыған сәтте оғаш әрекетке бармай, лажи болса тағылымды-тәрбиелі дүниеге мән берілсе дұрыс болар еді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген сөз соған негізделіп айтылса керек.

Бала тәрбиесіне келгенде ең бірінші оны еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы зор деп есептеймін. Қазіргі кезде балаларымызды еңбекке тәрбиелеу жағында кемшін тұстарымыз бар екендігі жасырын емес. Тіпті оқушы балаларымызды жас кезінен жалқаулыққа тәрбиелеп жатқан сияқтымыз. Күнделікті сабаққа баратын балаларымызды мектебіне көлікпен тасиымыз. Бұрындары жаяу барып-ақ жүрдік емес пе? Жаяу жүрген бір шетінен балалардың денсаулығына пайдалы ғой. Дұрыс, қалада болса жарайды. Білім ұялары мектептен алыс. Ал ауылда мектеп дегеніңіз таяқ тастам жерде

«Баланы жастан...» деген

тұрған жоқ ба? Неге баланы жүруге, жаяу баруға дағдыландырмаймыз. Енді балабақшаға, бірінші сыныпқа баланы көлікпен апарған дұрыс-ақ дейік. Ал одан ересектердің көлікпен тасуға мен келіспеймін. Онсыз да күні бойы компьютердің алдында сарылып отыратын бала таза ауамен жүріп мектепке барса болмай ма? Бір жағы баланың дене қозғалысы болар еді. Қаны айналып, өзін сергек ұстауына дұрыс.

Кезінде өткен ғасырда үлкен кісілердің аузынан естігеніміз естен кетпейді. Сол уақытта ауылда тек бастауыш мектеп үш шақырым жерде орналасқан мектепке барып оқыған. Көліксіз жаяу қатынаған екен. Әңгімелеріне қарағанда сонда шаршап-шалдықпаушы едік дейді. Міне білімге деген құштарлық. Әлгі кісілерден ғалым да, оқымысты да, қызметкер де шыққан.

Қазір балаларымызды жалқаулыққа өзіміз тәрбиелеп жатқан жоқпыз ба, деген ой туады. Біз де бала кезімізде қозы-лақ жайып, үйге ұзақтан су тасып, кесек құйып өскенбіз. Ол кездерде тұрғын үйді ауыл халқы қолдан кесек құйып тұрғызатын. Бір үйді салу үшін 20 мыңнан аса кесек

құйылатын. Беліміз қайысып, 6-7 сынып оқып жүрген кезімізде қалып тарттық. Күніне бір мыңнан аса кесек құятынбыз. Әкелеріміз бен ағаларымыз мол етіп лай жатқызып беретін. Біз соны қалыпқа салып құятынбыз. Бұл жерде өткен шақты аңсап отырғаным жоқ. Айтпағым: бала кезімізден еңбекке тәрбиеленіп өстік деу еді. Мектеп бітіре кезде аттестат алу үшін мектепке әр бітіруші бес мың кесек құйып бергеніміз бар. Сол біз құйған кесектен мектептің шарбағы тұрғызылды. Біз еңбектеніп жасаған шарбақтың жұрнағы әлі тұр. Яғни жасаған жұмысымыздың нәтижесі кейінгі түлектерге үлгі болды.

Бұл күндері үйдің төңірегіндегі құрылыс жұмыстарын өзіміз жүргізуден қалдық. Мүмкін болса, ақысын беріп біреулерге жасатуға дайын тұрамыз.

Ауылды жердің өзінде бір күндік малдың кезегін бағуға ерінетін болдық. Ақысын беріп біреуге бақтырамыз. Жалқаулық деген дерт сияқты дендеп бара жатқанын түсінейік, ағайын.

Уақтысының көбісін ұялы телефон, компьютер қараумен өткізетін жастар көбейді. Олардың жұмыс жасауға

құлқы жоқ. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргісі келетіні жасырын емес.

Бала кезімізде, мектеп қабырғасында жүрген уақытымызда 7-8 сыныпта оқып жүргеннің өзінде еңбек еттік. Шаруашылықтың егін шаруашылығына үлесімізді қостық. Жүгері алқабына барып масақ жинадық. Оның сұрыптау тірлігіне араластық. Сыныптастармен бірге жүріп еңбек ету-бізге қызық болатын. Әзіл-қалжыңмен, жарасымды әңгімемен күніміз қызықты өтетін. Шаршау дегенді білмейтін едік. 8-10 сыныптарда мақтаға бардық. Ауылдан жырақта мұғалімдердің қарауында жүріп жұмыс көрігін қыздырдық. Солай шыңдалған сол уақыттың балаларымықты да жігерлі, денсаулығында кінәраты жоқ жас болып өстік. Қазіргі буында жалқаулық, енжарлық бойкүйездік байқалып жататыны рас.

«Айта айта Алтайды, Жамал апай қартайды» демекші бұл мәселе туралы аз айтылып жатқан жоқ. Десе де бала тәрбиесінде еңбектің алар орны бөлек екендігін тағы да назарға салуды дұрыс көрдік. «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деп заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов айт-

қандай бала тәрбиесін бала бақшадан бастаған дұрыс-ау. Қызылкөл ауылындағы «Қайрат» бөбекжайында атқарылып жатқан шаруаларды көріп, меңгерушісі Нұржамал Төлеуованың бастамасымен кіп-кішкентай бүлдіршіндерді еңбекке баулуға жасаған жұмыстарын көріп, сүйсіндік.

Биылғы жылы ашылғанына 15 жыл болған білім ошағының төңірегіндегі тал-теректер, жеміс ағаштары сол бөбекжайда тәрбиеленушілердің қолымен егілген. Бұл күндері үлкен, биік болып өскен жеміс талдардың өнімін балғын балапандар татып, қашаның дастархан мәзіріне пайдалануда. Сондай-ақ, балабақшаның төңірегіне картоп, сәбіз, бақша өнімдері егілген кезде де балғын бөбектерді қатыстырып, өз қолдарымен еккізіп, үйретуді қолға алған. Демек мұнда бүлдіршіндерге еңбек сабағы насихатталды деген сөз.

Әрине барымызды бағалап, қолда бар мүмкіндігімізді пайдаланып баланы жастан еңбекке баулысақ одан ұтпасақ ұтылмасымыз анық.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегенді де ұмытпайық, ағайын!

Адал еңбек, маңдай тер адамды ұшпаққа жеткізеді хақ. Сондықтан өскелең ұрпақты тағылымды, тәлімді болып өссін десең, әуелі оны еңбекқорлыққа тәрбиелегеніміз абзал.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ, Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

-Бүгінгі таңда әрбір қазақстандық азаматтың көкірегінде рухани байлықтың бүршігі өркен жайып келеді. Әркім өз ата-бабасының кім болғанын, елге нендей еңбек сіңіргенін келер ұрпаққа, айтып кеткен өсиетті сөздерін келешек тұқиянға жеткізуі парыз. Жинаған дүние-мүлкің өз кіндігіңнен тараған балаң мен немеренді жарылқауы мүмкін, ал жеті ұрпағыңды тек кітап арқылы жарылқай алатының шындық. Оған тарихта есімдері қалған «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Шора батыр», «Ер Едіге» дастандары куә бола алады. Ал сол батырлардың соңында бір



да, Қаратаудың қойнауында, арқаның апайтөс даласында бір ауаны жұтып, бір елдің тілеуін тілеп жүрген жандармыз. «Төскейде малы қосылған, төсекте басы қосылған елміз» деген сөзден киелі де қастерлі сөз бар ма? Бір қатар сөйлемнің мағынасында бір романның жүгін көтерер ұлы рухты күш жатыр. Осынау ұғымы терең сөздің астарында ынтымақ пен ауызбіршіліктің, татулық пен бауырластықтың, берекелі бірлік, сол бірліктің күшімен келген тірліктің исі аңқиды. Бабата ауылының тумасы, замандас, әрі құрдас бауырымыз Сержан Құндызбекұлымен осыдан бес-алты жыл бұрын аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы алаштың арда азаматы, Ұлт жанашыры, тіл құдіреті Ахмет Байтұрсыновтың есімін иеленген

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР-

түйір түйме, бір шөкім дүние қалды ма? Сондықтан да Сержан Құндызбекұлы бауырымыздың өз әкесі еңбек адамы Сайлаубаев Құндызбектен ары Асайын, Сайлаубай аталарымызды тарих шығыршығында мәңгі есте қалдыру мақсатында шағында да болса тарихи мәні бар кітап жазып оқырмандар назарына ұсынғанына шын мәнісінде қуанып отырмын. Сонымен қатар, жалғыз ағаш орман болмас демекші шаңырақ иесінің осы бастамасын қолдап, қуат беріп, қолға алып, көздерінің ашық, көкіректерінің ояу екенін танытып жатқан Құндызбек ағамыздың жарына, бауырларына, ұл-қыздарына Алланың нұры жаусын! Біз әңгіме етіп отырған Сайлаубаев Құндызбек Асайынұлы 15 ақпанда Бабата ауылында туылған. Көп балалы отбасында дүниеге келген. Әкесі Асайын қария Ұлы Отан соғысының майталманы. Бес жыл соғысқа қатысып, бір аяғынан айырылып келген соғыс мүгедегі. Соған қарамастан елдегі соғыстан кейінгі шаруаларға белсене қатысады. «Еңбек» колхозында бас есепші, ферма меңгерушісі, партия ұйымының хатшысы болып жұмыс жасады.

Құндызбек ағамыз мектепті бітіре салып, шаруашылық жұмысына кірісіп кетті. Жасынан техникаға құмар әрі бейім еді. Шоферлық мамандығын шебер меңгерді. Қатарлас інісі Есбаев Егізтайдың айтуы бойынша машинаның дауысынан көліктің ақауын білетін, көлігін өте таза ұстайтын, адал, еңбекқор жан еді дейді.

Құндызбек бірге жүрген еңбектес азаматтарға ылғи да қамқор болып, көмектесіп жүретін. Ол кездерде мал құм өңіріне қыстайтын. Шопандарға су, жем-шөбін тасып жағдайларын жасайтын. Шопандардың су құйып алатын ыдыстарының қай жерде тұратыны жатқа білетін. Құндызбек үй егесіне айтықызбай-ақ суларын толтырып, өз көмегін тигізетін. Шопандардың үйіне отынын түсіріп, көші-қонына көмектесетін. Сондай-ақ, қысылтаяң жағдайда басына іс түсіп қалса, ауырып-сырқаса, аналар босанатындай жағдай болса, уақытпен санаспай көмегін аяған емес.

Бірде құм өңіріне кетіп бара жатып, жолда доңғалағы жарылып қалған әріптесін көріп, тоқтап өзінің алып жүрген доңғалағын беріп кетті дейді, жанындағы көмекшісі Мәдібек. «Өзіміз елсіз жерге кетіп барамыз, қиналып қалмаймыз ба?» деген көмекшісіне, «Бізді құдай сақтайды. Біз көмек қолын созбасақ, кім көмектеседі, айдалада. Осы жағдай біздің басымызға түссе не болар едік?» деп жауап беріпті. Ол ұқыптылығы, алдын ала дайындығы арқасында машинаның артық бөлшектерін барынша жинақтап жүретін. Әріптестері соған сүйеніп алған, көліктері бұзылса дереу Құндызбекке келетін. Жақын інілері бұныңыз не, өзіңізге

керек болмай ма? Сіз үшін машина айдамайды ғой дегендерге, ее шырағым, олар менде бар деп келеді. Бар нәрсені жоқ деп, оның көңіліне тием ғой. Көп адамдар артық затты жинап жүрмейді дейтін. Басшылар да оның осындай қасиеттерін біліп, қиын жерлерге, ұзақ сапарларға жұмсайтын. Оның еңбектері мен тындырымды қасиеттерін бағалап бірнеше рет Социалистік жарыстың жеңімпазы, «Ерен еңбегі үшін» белгілерімен, «Үздік жүргізуші» белгілерімен марапатталды. Совхоз басшылығы бірнеше рет заттай, ақшалай сыйақылар берді. Ағамыз Құндызбек еткен еңбек жолымен, адал қызметімен, қарапайымдылығымен ұрпаққа, өзінен кейінгі жастарға үлгі болған тұлға. Ұрпақтары, ет жақындары оның жақсы қасиеттерін мақтан тұтады. Үлгі алады. Олар өз ұрпақтарына мақтанышпен айтып, Құндызбек аталарындай болсаңдар жаман болмайсыңдар деп, оның еңбек жолы-дара жол екендігін тұрақты естеріне салып отырады. Бұл ұрпақ тәрбиесінің бір парасы. Ата жолын, еңбегі мен ор-

Шаңырағынан бастап Отанын, орманын қорғауға насихаттайды. Кітаптың ойлы оқырмандарға ой салар құнды дүние екендігіне дау жоқ.

Ержанның әкесі туралы естелігінен:

-Шымкенттен ауылға қайтар жолдағы есімде қалған оқиға. Қаладан ауылға әкеміздің көлігімен көшіп келе жатқан болатынбыз. Орта жолда жол шетіндежанар-жағар майы таусылып қаңтарылып тұрған автобус көлігін, оның қасында шәпкісін қолына ұмаждай ұстап, қолын көтеріп тұрған жүргізушісін көре сала әкеміз Құндызбек көлігін тежеді. Мән жайға қаныққан әкеміз артылған жүгіне қарамай көлігінің кузовын көтеріп, жанар май бағынан екі шелек бензинді құйып берді. Қоштасып, қол алысып кете бардық. Автобус жолаушылары әкеміздің адамгершілігіне риза болып, алғыстарын жаудырып қала берді. Ең қызығы ауылға барып, жүк түсіргенде жатын-гилзасының жарамсыз болып қалғанын

мектепте жолығысып, таныстық артырған едік. Сөз қадірі мен іс қадірін қабыстыра білетін, жастардың жанашыры Сержан осы мектептің алғашқы ашылған жылдары оқушыларға дәріс берген алғашқы ұстаздарының бірі екен. Сержан әрбір жолы өзі алғаш еңбек жолын бастаған мектепке қал-қадірінше көмек беріп, сырттай болса жанашырлық пейілін танытып жүретін азамат екенін мектеп басшылығы да тілге тиек еткен болатын. Сол жолы мектептің ұжымы арнайы шақырып, мектептің спорт залының Сержанның есімін беруді ұйғарған екен. Сол игі бастаманың басында бірге болып, кейін аудандық басылымда көлемді мақала әзірлеген жайым бар еді. Кейін біздер бір-бірімізбен хабарласып, таныстықты одан әрі сыйластыққа айналдырған едік. Қайсыбір жолы кешкілік жұмыстан үйге келіп, енді шайға отыра бергенде телефон қоңырау шылдыр ете қалды. Алсам осы ауданымыздың тумасы Маратұлы деген азамат екен. Амандық саулықтан соң қаға сіздердің газеттеріңізде неге қарапайым еңбек адамдары туралы жазылған мақала аз. Аз болса да кемшін. Ертеректе газеттің әрбір санындағы ең құрығанда бір бетінде шопандар мен механизаторлардың, диханшылар мен түрлі еңбек адамдарының ерен еңбек жолын дәріптеген, суретімен жариялаған алақандай шапшағын мақалалар жүретін. Ал сіздер тым сирек жазасыздар. Олардың мәселе өлі-тірісінде емес. Еткен елеулі еңбегі кейінгі жастарға үлгі болады ма?-деген үмітіміз ғана еді?» деді. Шынын айтқанда сол азаматтың көкейіндегі сауалы орынды. Шама шарқынша жариялап жатырмыз.

Редакциядағы әріптестеріме де осы мәселе жайында айтып өттім. Бірақ, біз бұл мәселені шетке сырып қойды деген сөз емес, қайта үнемі жандандырып келеміз. Жалпы, «газет оқымайтын мына заманда» газет туралы тұщымды пікір айтатын газет оқитын азаматтардың барлығына бек разымыз. Әйтпесе, осы түрлі ақпарат беттерінде «жұртшылық газет оқымайды. Газеттің не керегі бар?» деген сөздер мен сұрқай сұрақтарға әлгі азаматтың ұсынысы тура жауап болғаны анық. Сол орайда мен жоғары да Сержан замандасымның бір жолы екеу ара әңгіме кезінде оның әкесіне деген сағынышы туралы айтқан әңгімесін санаға сақтап қалған едім. Сонда Сержан көнігі тілші сияқты әңгімесін бейнелеп, суреттеп айтқанда оның әңгіме айту шеберлігіне таң қалдым.

Балалық шағы, ата мен әже тәрбиесі, әкенің отбасындағы қоғамдағы орны туралы кеңінен толғана әңгімелеп еді. Мүмкін бүгінгі қоғамда біз құрамыз, құрдық деп жүрген «Әкелер мектебі» деген жобаның жемісі осы шығар. Енді сол Сержан айтқан әңгімеге ойыссақ.



нын жоғалтпау, насихаттау тәрбиенің үлкені. Жас та болса бас болып, бабалар рухын кейінгі болашаққа биіктете көтеріп, жеті атасын, жеті қазынасын, жеті жақсысын білуді үйретуге ниеттеніп, ұрпағы алдында, ата-бабалар рухы алдында азаматтық парызын орындауға ниеттенген ұлы Сержанға, барлық кітапқа керекті дүниелерді жинақтап құрастырып баспаға ұсынған досы, жазушы Қарғабай Мақсат ініме әрқашанда шығармашылық табыстар тілеймін. Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында кітаптың тұсаукесері өткізілмек. Сол шарада қолдарыңыз тигелі отырған кітапқа кейінгі жастардың елін, жерін, туып өскен ауданын, ағайындарын, туматауыстарын жақын танып-білуге бағыттайды.

білдік. Ауылда сол кездері сельхоз жөндеу мамандарының болмауынан жаңасын сатып алуға тура келген. Расында, әкеміздің сондай халықшыл, көпшіл азамат болғанын мақтан тұтамыз.

Әке көрген тон пішер

Біз созақтықтармыз!. Бірімізге біріміз ағайын-туыс, құда-жөкжат, тіпті болмағанда көз көріскен замандаспыз. Қасиеті Теріскейдің алабын-

-Менің әкем Сайлаубек Құндызбек 1948 жылы 15 ақпанда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Баба-Ата елді-мекенінде дүниеге келген екен..., деп бастады әңгімесін Сержан сәл-кем ойы мен түйсігін бір арнаға жүйелеп алып. Әкем өз әкесі Сайлаубек Асайын атамыз бен Балтай әжемізден тараған 10 ұл-қыздың тұңғышы, төл басы еді. Атамыз Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер. Сонда арғы бабамыз Сайлаубек күн сайын қырдың басына шығып, қолын күнге көлегейлеп қара жолдың бойына қараумен болады екен. Жалғыз ұлының жолына қарап күнін өткізіп, ілуде қара жолда шаң көрінсе сол шаң адамға айналып ауылға тақағанша тағат таппай алдынан шығып, үйіне шақырып, суын беріп жөн сұрайды екен. Май-



келген. 1954-1962 жылдары 8 класстық Максим Горький атындағы орта мектебін бітіреді. Мектеп бітірген соң, Кентау қаласында 6 айлық сатушы мамандығын алып, асхана кассирі болып жұмыс жасайды. 1966 жылы Құндызбекпен танысып, отау құрады. 1966 жылдан 1982 жылға дейін Баба-Атада ата-енеммен қарашаңырақта бірге тұрып, 10 ұл-қыз тәрбиелейді. 1982 жылы аудан орталығы Шолаққорғанда «Ертестік» балабақшасына жұмысқа орналасады. -Анашым үлкен отбасының келіні болып, әкем екеуі өздерінен кейінгі бауырларының өсіп жетілуіне, тәрбиесіне көп көңіл болып, уақыттарын арнап, қарашаңырақта ұзақ отырған кісілер. Олар он ұл-қыз тәрбиелеп, ішінде Бақытжан есімді бауырым кішкентай кезінде шетінеп,

ҰЛАҒАТТЫ ТҰҒЫР

дан даласынан оралып келе жатқан жауынгерлерді (әрине көбісі жаралы, мүгедек, аяқ-қолы жоқ) жаны қалмай күтіп: -Балам, менің ұлымды көрмедің бе? Көзіңе түспеді ме? Аты жөні Сайлаубек Асайын дейді екен жарықтық!» Соғысып жатса бәрі бір жерде жүрген шығар деп ойласа керек. Әйтпесе, кең байтақ КСРО-ның қай жері, қай өзені мен батпағы, тауы мен тасында қаншама Асайын атам сияқты жауынгерлер жүрді десеңізші!

Әкем Құндызбек 1955 жылы алғашқы мектеп табалдырығын аттап, 1963 жылы 8 класстық Мәншүк Мәметова мектебін бітіріп, одан ары 9-10 сыныпты Қаныш Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебінде жалғастырып, Құмкент ауылында білім алған. Яғни, 1965 жылы мектеп бітіріп, аудан орталығы Шолаққорғанда шоферлық мамандық алып, еңбек жолын бастайды. 1966 жылы желтоқсан айында болашақ жан жары Серікбаева Рыстықыз Тұрсынбай-

жүреді. 1994 жылдардан бастап Шымкент шаһарына қоныс аударып, ұл-қыздарына ақылшы болып, бағыт-бағдар беріп отырды. Құндызбек Асайынұлы 2011 жылы зейнеткерлік жасқа жетіп, құрметті демалысқа шығады. Құндызбек қарияның ел ішінде қосалқы «Ақаубек» деген есімі болатын. Ауылдағы жеңгелері Клара, Бибісара, Айжан, Шолпан, Салиха және тағы басқа үлкендер еркелетіп, атын атамай, Ақаутай деп еркелеткен сонымен қатар, «Ақаутай, айналайын балапаным,

Ұстамасам қышиды екен алақаным»-деп әндетіп, еркелеткен. Бертін есейе келе Ақаутай есімі «Ақау» болып өзгерген. Өзінің қарапайымдылығы мен еңбекқорлығының арқасында елдің сый-құрметіне бөленген.

Әкемнің ағайынға, бауырға деген қарым-қатынасы ерекшеленіп тұратын. Туысқан дегенде көмегін аямайтын. Оның дәлелі ретінде, мына оқиғаны айтқым келеді. Кезекті бір іс-сапардан «Камаз» автокөлігінің екі бірдей доңғалағы жарамсыз болып келіп, «Балам жаңа доңғалақ алма-сақ болмайды екен» деп жөндеу жұмысына кірісіп жатқанымызда, ауылдан ағайын-інісі келіп, жағдай айтып, көмек сұрайды. Сол мезетте екі жаңа дөңгелек аламыз деп жинап жүрген қаражатты, інісінің қолына ұстатып жіберген еді. Ол кісі рахметін айтып, шығып кеткеннен кейін, «неге бердіңіз, өзімізге дөңгелек алуға керек еді ғой» дегенімде, ол кісі «ия, балам, өзімізге керек еді, дегенмен ол інім ағамнан көмек сұрасам көмектесетін шығар деген үмітпен келіп тұр ғой, қолын бос қайтара алмадым» деген еді. «Ал енді ескі дөңгелекті қайта жамап-жасқап келесі айлыққа дейін амалдап, ретін табармын»

дегені әлі есімнен кетпейді. Тағы бір есімде қалғаны, бір жолы автобаза басшылары әкеме «Аға, бір келсе, сіздің қолыңыздан келеді. Автокөлік жетіспеуіне байланысты, нөлден яғни, рамкадан бастап қолда бар қосалқы бөлшектерден «Камаз» автокөлігін жинап, құрастырып беріңіз?» деп өтініш айтады. Сол «Камаз» автокөлігін рамкадан тұрғызып, кузов жұмысын атқару барысында, жұмыс жасап тұрған автоген балонаның шланғысы жарылып, күтпеген жағдай болды, сол кезде жылдам шешім қабылдап, сварщик екеуімізге «сендер арғы бетке секіріңдер» деп, езі от шашып тұрған автоген балонна секіріп, кранын өшіріп, отты тоқтатқан еді. Бұл өте қауіпті жарылыстың алдын алу еді. 1994 жылы

ата-анам, бауырларым Шымкент қаласына қоныс аударып, әр салада еңбек ете бастады. Мен, жаңғаммен 1997 жылы қалаға келіп, кәсіпкерлік жолды таңдап, отандық өнімдіміз Алматы «Рахат» фабрикасының өнімдерін, Шымқала-аудан, ауыл тұрғындарына қол жетімді бағамен жеткізуді қолға алдық. 2008 жылы кондитерлік өнім-тәтті күлшелер өндірумен айналысудан бастадық. Дәл осы кезде өндірісті жүргізу барысында әкемнің тәжірбиесі, ақыл-кеңесі, көмегі көп болды. 2013 жылы 22 қазан күні 65 жасында дүниеден озды. Әкем тірісінде, әр кезде «мен өз әкемнің жасынан аспаймын 65-66 жыл өмір сүремін» деп көп айта беруші еді. Асайын атам 66 жасында

қалған 7 ұл, 2 қыз өсіп өніп, бір-бір бақытты жанға болып, бала-шағаларынан немере сүйді. Әкем мен анам ата-енесінің рұқсатымен, мені нағашы ата-әжеме бала болсын, қолқанат болсын деген ниетпен 6 айлық кезімде берген екен. Әкем мен анамның кең жүректегі Шолаққорғанға көшіп келгеннен кейін, Ырысбике есімді әпкемді екі қызымен бауырына басып, бағып-қағып, емдетіп, оқытып, тәрбиелеп, қыздарды тұрмысқа беріп, ата-аналық парызын ақтаған жаңдар. 1994 жылдан бастап, Шымкент қаласына қоныс аударып, сол кездегі жаппай сауда-саттық науқанына қатысып халықты, күршітті түр-түрімен қамтамасыз етумен айналысты. Әкем мен анамның маған айтқан ақылы өсіп-өніп жетілуіме үлкен себепші болды. Шолаққорғандағы нағашы ата-әжемнің қарашаңырағында бәріміз бірге тұрған кезде, «балам сен жаңғаммен бөлек шығып, өздерің жеке шығып, өмір сүруге дағдыланыңдар» деген ақыл кеңесін берді. «Неге біз, менен немесе келініңізден қателік кетті ма?» деген сұрағым «Балам, біздер қарашаңырақта, ата-ана, бауырларымыз қасында ұзақ жылдар бойы отырған адамдармыз, сол жылдарда өз балаларымыздың қалай өсіп, тез ержеткендерін байқамай қалдық. Сендерге жақсы білім алып, өсіп өнулеріңе көп көңіл бөле алмадық, сондықтан сендер қазірден бастап, жаңғаларыңа жақсы жағдай жасаңдар, балаларыңның болашақтарына көңіл бөліңдер. Біздер қазір әл-қуаттымыз, бізге қарайламаңдар. Әлде-қайда қиын жағдай болса, сол кезде көмектесерсіңдер» деген ой салды. Осы сәттен бастап өз жанғамыздың алдындағы жауапкершілікті өз мойнымызға ала бастадық. Қазіргі таңда анамыз 76 жасқа толып, қарашаңырақта отыр. Кенже бауырым анамның қолында, анам құрметті демалыста. Көп балалы, «Алтын алқа» иегері. 41 немере, 19 шөбере сүйіп отырған, бақытты әже. Дүние мен малың ата-бабадан да, аға-бауырдан да қалған. Біздерден де қалады. Сондықтан кейінгі ұрпаққа өлмес мұра-кітап қалдырғым келеді. Кейінгі ұрпақ бабасы мен тұқиянын, атасы мен әжесін, ағасы мен әпкесінің кім екенін біліп жүрсін. Сол мақсатты іске асырсам деген ойым бар,- дейді Сержан перзенттік пейілмен әңгімесін аяқтап. «Әке көрген оқ жонар» демекші, не істесем де елге керекті пайдалы іс істейін деп әке мұратын жалғаса Сержанның азаматтық ұстанымын көргенде осы ұлағатты қағидалы сөз ойға орала кетті. Әлде де елге бергенінен беретіні мол Сержанның ойында көптеген өрелі ойлар мен салмақты жобалары бар сияқты.

Ырысжан жеңгеге

*Қызы едің Ащысайдың қара торы,
Жүретің көп жігіттің жетпей қолы.
Құндызбек ағайменен бас қостың да,
Ағамның кетті содан жолы болып.
Жанұяға келіп түстің көп балалы,
Ененің де қоятын көп талабы.
Осылардың бәріне мойымастан,
Келін болдың инабатты саналы.
Жұғысты боп сол өненің қадамы,
Ұлды-қызды тауып жаттың баланы.
Сол балалардың ойлады да ертеңін,
Кеттің көшіп бетке алып қаланы.
Базарға кеп бастамақ боп бір істі,
Арзандау қып сатып алып күршітті.
Елеп- екішеп таза еңбек өттің де,
Балаларыңа табыс өттің бұл істі.
Дегендей – ақ бұл шаңыраққа нәсіп бер,
Інілерім бұл күндері бәрі бір-бір кәсіпкер.
Сіздерсіздер ынтымақты жанұя,
Адал бейнет атқаратын төгіп тер.
Мен білетін екі сіңілің бар еді,
Оның бірі қасыңда ғой дәл енді.
Екіншісі дүниеден өтті де,
Ауыртпалық түсті өзіңе сәл енді.
Ағамменен кеңесіп сөз байладың,
Ал жеңеше төркінді де ойладың.
Сержан атты бір інімді солардың,
Шаңырағының егесі ғып сайладың.
Жеті ұлыңнан алты келін түсіріп,
Екі қызды қос қияға ұшырып.
Осылардан жиырма үшпей немере,
Сүйдіңіздер құшарлана тұшынып.
Жеңгемнен жүз жасаңдар ал аға,
Жеңгем үшін бар дүниең садаға.
Ырысжанды ұқсатамын мен бүгін,
Өткендегі домалақтамай анаға.
Мен жеңгемнің осыменен орындадым тілегін,
Жеңгем үшін дәл менің елжірейді жүрегім.
Бұл шаңырақтың шаттығына қуанар,
Жақын туыс өзіңе қайыңыздың бірі едім.*

Егізтай ЕСБАЙҰЛЫ.

дүниеден озған. Менің әкем сол 65 жасында дүниеден өтіп, әкесінің жасынан озбады,-деп Сержан аз-кем ойға шомып кетті.

Иә, Секеңнің айтуы бойынша Құндызбек ағамыздың жұбайы Рыстықыз Тұрсынбайқызы 1947 жылы 18 наурыз күні Ащысай қаласында Тұрсынбай мен Біліспаева Әнеш ата-анасының шаңырағында дүниеге



қызы анамызбен көңіл жарастырып, жанға құрады. Шоферлық жұмысты Шымкенттік ауыл құрлысы «ПМК-18» мекемесінің қатарында өз ауылы-Жартытөбе совхозында жұмысын жалғастырады. 1977 жылы Шымкент облысы Созақ аудандық ауыл шаруашылығы мекемесінде қайта даярлау үшінші дәрежелі тракторист-машинист мамандығын алып, егін ору науқанына қатысады. 1988 жылы Шолаққорған мал бордақылау базасына жұмысқа ауысады. 1983 жылдан бастап аудандық автобаза агроөнеркәсіп тасымалдау мекемесінде тәжірбиелі шофёр болып, автобазаға келетін жаңа көліктерді тексеруден өткізіп, қандайда бір ақаулары бар болса, ретке келтіріп, жастарға үйретіп, ақыл-кеңес беріп

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «AMANAT 111» БІРІҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

♥ ЕГЕР СЕНІ ҰРЫП-СОҚСА

♥ ЕГЕР САҒАН КӨМЕК КЕРЕК БОЛСА

♥ ЕГЕР СЕНІ БІРЕУ ҚОРҚЫТСА НЕМЕСЕ РЕНЖІТСЕ

♥ ЕГЕР ӨЗІҢЕ НЕМЕСЕ ДОСЫҢА ҚАУІП ТӨНІП ТҰРСА

111 нөміріне хабарлас

Қоңырау шалу арқылы өзіңнің немесе жақындарыңның өмірін сақтап қаласың!

Қоңырау шалу тегін!



Сіз өмірлік қиын жағдайдағы отбасын білсеңіз

Сізге тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері белгілі болса

Балаларға қауіп төндіретін нысандарды көрсеңіз

111
НӨМІРІНЕ
ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

Орманды өрттен қорғайық!

Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басымы көпшілігі – сөндірілген от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңыз, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды бакқа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегу немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Қанат ЕРШАЕВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің Құмкент ауылдық күзетші-қорықшысы.

Табиғатымызды аялайық!

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десеңіз, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздеңе жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Бекнар ЕРНАРҰЛЫ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Қызылша ауруының алдын алу жолдары

Қызылша – өте жылдам таралатын вирусты жұқпалы аурулардың бірі. Бұрын қызылшамен ауырмаған немесе егілмеген адам қызылшамен ауырған адаммен байланысқа түссе, ауырып қалу мүмкіндігі өте жоғары. 1963 жылы қызылшаға қарсы вакцина егуге және вакцина егу кеңінен тарағанға дейін, қызылша ауруының ірі эпидемиясы 2-3 жылда қайталанып, жылына 2,6 миллионға дейін өлім жағдайлары тіркелген. Инфекция ауа жолы арқылы беріледі. Вирус сыртқы ортаға сөйлеген кезде түкірікпен, жөтелген, түшкірген кезде бөлінеді. Вирустың тез тарайтыны соншалық, сыртқы ортаның тұрақсыздығына қарамастан, ауа толқынымен ғимараттың вентиляциялық жүйесі арқылы таралған жағдайлар да белгілі. Инфекция көзі – ауру адам. Ол айналадағыларға инкубациялық кезеңнің 2-күні, бөртпелер шыққаннан кейінгі 4-күнге дейін қауіпті. Ал 5-күнгі бөртпелері бар адам ауруды жұқтырмайды деп саналады. Бұл аурумен ауырып жазылған адам өмір бойы иммунитетін сақтайды. Қызылшамен ауырған аналардан туылған балалар 3 айға дейін бұл ауруға шалдықпайды, өйткені осы аралықта олардың қанында аналық антиденелер сақталады. Бұл аурумен ауырмаған және егілмеген адамдар қызылшаны жұқтыруға бейім болады және өзінің өмірінде кез-келген жаста ауырып қалуы мүмкін. Осы орайда аталған ауру түрінің белгілері қандай, қалай сақтануға болады, ал жұқтырып алған жағдайда қалай ем алу керек деген сауалдар төңірегінде жауап алу үшін аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Мұхит Мұраталіұлымен кішігірім сұхбат жүргізген болатынбыз.

–Мұхит Мұраталіұлы, қазіргі кезде аса белең алып тұрған қызылша ауруы туралы қысқаша айтып өтсеңіз...

–Қызылша – кең таралған жіті инфекциялық ауру, көбінесе балалар ауырады, дене қызуының 38-40 градусқа дейін көтеріледі, мұрын, көз, тамақ қабыну, теріде бөртпе пайда болу белгілерімен сипатталады. Қызылша –бүгінгі күні ең жұқпалы аурулардың бірі. Бұл инфекцияға шалдығу 100% - ол дегеніміз, егер бұрын қызылшамен ауырған адаммен қарым-қатынаста болса, ауру жұқтыру қаупі өте жоғары. Ауру адамнан адамға ауа арқылы, тыныс алу жолдарының тамшыларымен немесе жұқтырған адамдардың мұрнының немесе тамағының бөлінісімен тікелей байланыста болғанда жұғады.

–Қызылша ауруының белгілері қандай болады?

–Аурудың өрбу кезінде анықтау қиындық туғызбайды. Теріде қызылша бөртпелері шықпай тұрғанда науқастың қызылшамен ауырған ортада болуы, тамағындағы қабыну, көздің қызаруы, ұртта Бельский-Филатов-Коплик ақшыл бөртпелердің пайда болуы диагнозды растайды. Кейін теріде үш-төрт күнде біртіндеп шыққан бөртпелер диагнозды толық дәлелдейді. Есте сақтайтын жайт, ауру бөртпе пайда болып басталмайды, суық тию белгілері сияқты басталады, дене қызуы 38-40 градусқа көтерілу, әлсіздік, тәбет тартпау, құрғақ жөтел, мұрыннан су ағу. Соңынан конъюнктивит –көзі қызарып, қабыну пайда болады. Алғашқы белгілері байқалып, шамамен 2-4 күннен кейін ауыз қуысында ақыл тістеріне қарсы ұсақ ақшылдау бөртпелер пайда болады. 3-5 күні бөртпелер айқын дақ түрінде қаптап, көбейіп кетеді. Құлақтың түбінен, маңдайдан бастап ары қарай бүкіл денесін жауып кетеді. Бөртпе 4-7 күн тұрады. Олар жоғалған соң орнында қоңырлау дақтар қалады, екі аптадан соң тері тазарады.

–Қызылша ауруының емі мен айығу жолдарына тоқталып өтсеңіз?!



–Балаларда диагноз қойылған қызылша жағдайында емдеу көп жағдайда үйде өтеді. Егер жағдайы ауыр болса, науқас ауруханаға жатқызылады. Сондай-ақ қызылшаның асқынуы бар немесе үй жағдайлары тиісті күтімді ұйымдастыруға мүмкіндік бермейтін балалар ауруханаға жатқызылады. Міндетті ауруханаға жатқызу 1 жасқа дейінгі балалар мен жабық балалар мекемелеріндегі балалар үшін қолданылады. Үй жағдайында бала төсекте жатуы керек, сыйықтықты көп ішіп, қанарлы тамақ жегені жөн, аспирин ішуге болмайды. Көздің асқынуын болдырмау үшін, мүмкіндігінше А дәруменін беру керек. Егер құлағы ауырса антибиотиктер ішу керек. Асқыну көбінесе 5 жасқа дейінгі балаларда немесе 20-дан асқан ересектерде болады. Кең таралған түрі – құлақ ортасының қабынуы (отит), бронхопневмония, мойын лимфа түйіндерінің қабынуы, ларингит, энцефалит. Өкінішке орай, асқынулар болып тұрады, сондықтан да ауруды қатаң медициналық бақылау керек, учаскелік дәрігер пациентті күніне бірнеше рет қарау керек.

–Қызылша ауруының таралуының алдын-алу үшін қандай шаралар қолданылады?

–Балалар арасындағы аурушандық негізінен вакцинациядан бас тарту себепінен, сондай-ақ вакцинациядан медициналық босату және егу жасына жетпеген салдарынан тіркеледі. Қызылшаны жұқтырудан, сондай-ақ олардың асқынуынан сақтандыратын жалғыз тиімді құрал тек вакцинация екендігін еске саламыз. Қазіргі таңда қызылша ауруының қолайсыз эпидемиологиялық жағдайына байланысты елімізде қызылшаға қарсы жаппай иммунизациялау жүргізіліп жатыр. ҚР ДСМ Бас мемлекеттік дәрігердің 2023 жылғы 1 қарашадағы № 7 «Қызылшаға қарсы санитариялық-эпидемиялық және санитариялық профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» қаулысына сәйкес, 6 айдан бастап 10 ай 29 күнге дейінгі, 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балаларға, сондай-ақ қызылшаға қарсы профилактикалық иммундау жоқ медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері қызылша, қызамыққа, паротитке қарсы жаппай иммунизациялауға жатады. Қызылшаға қарсы вакцинацияның әрбір алынған дозасы баланың иммунитетін күшейтеді. Екпелерді жүргізу үшін ДДҰ сертификаттаған және Қазақстан Республикасында тіркелген қызылшаға, қызамыққа, эпидемиялық паротитке қарсы аралас вакцина қолданылады. Вакцинация тұрғылықты жері бойынша ауылдық емханалардың барлық егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі.

–Пайдалы ақпараттармен бөлісіп, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан:
Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Улы газдан абай болыңыз!

Көптеген адам көзге көрінбейтін, елеусіз, жәдігөйтіншықтырғыш газдан немесе көміртегі тотығынан жазғырады. Өкінішке орай, тұншықтырғыш газ туралы білгенімен, бәрібірде барлық жерде онымен улану кездеседі. Көбінесе өрт қауіпсіздік ережелерді сақтамағандықтан, яғни жылу пештерін және газ құрылғыларын қате қолдану нәтижесінде болады. Тұншықтырғыш газ адам организміне жаман әсер етуі, оның тыныс алу жүйесін зақымдап, қан жүйесіне еніп, сонда гемоглабинмен қосылады. Нәтижесінде қан құрамының өзгерістері пайда болады. Тұншықтырғыш газбен улану организмге қатаң әсерін тигізіп, кейбір жағдайларда денсаулыққа түзелмейтін зиян келтіру мүмкін. Негізгі мәселе болып, оның түсінің, иісінің болмауы табылады, сондықтан оны жие «үнсіз өлтіруші» деп атайды. Тұншықтырғыш газ ауамен араласқан кезде іс жүзінде көрінбейді, сондықтан адам күйінің нашарлануын тек қана уланғаннан кейін байқайды.

Тұншықтырғыш газбен уланыдың қайғылы жағдайларды алдын алу мақсатында Созақ ауданының № 11 ӨСБ-і қарапайым қауіпсіздік ережелерді сақтауға шақырады:

- жұмыс жасап жатқан газ құрал-жабдықтарын қараусыз қалдырмаңыз;

- тек қана жарамды құрал-жабдықты қолдаңыз. Пеш қалауындағы жарықшақ, түтіндіктің бітеліп қалуы ауыр салдарға әкеліп соғу мүмкін;

- газ құрал-жабдығын өз күшімен жөндеу, ауыстыру, қайта қондыру жұмыстарын жүргізбеңіз;

- жабық ғимараттарды жылыту үшін газды немесе керосинді жанарғыны қолданбаңыз;

- балаларды газды құрылғыларға жақындатпандар;

- жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз.

Құрметті азаматтар! Жоғарыда айтылған ережелерді сақтаған жағдайда, Сіз тұншықтырғыш газбен уланудың құрбаны болмай, өміріңізге қауіп тәуекелін төмендетеді.

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы азаматтық қорғау капитаны.

Бейбіт ӘЛИЕВ,

№11 ӨСБ бастығы азаматтық қорғау майоры.

Үйлеріңізді өрттен сақтаңыздар!

Мұны барлығы білуі тиіс!

Өртті сөндіргеннен гөрі алдын алу жеңіл!

Білу керек!

-Тыныс органдарын сулы орамалмен жабу қажет.

-Уақытылы (жедел жәрдем келіп жеткенше) жасалған жасанды тыныс алдыру зардап шегушінің өмірін сақтап қалады.

-Жасанды тыныс алуды таза ауада жасау қажет.

-Төсекте жатып шылым шекпеңіз!

-Электр қыздырғыштарды желіге қосуды күйі қалдырмаңыз.

-Сыртқы өрғаушы қабығы зақымдалған электр сымдарын пайдаланбаңыз.

Апатқа қарсы бірігейік!

Өрт болғанда «101» нөміріне телефон соғыңыз.

Адамдарды сыртқа шығару жолдары:

-Баспалдақ бөлімшесі.

-Сыртқы өрт басқышы.

-Зәулім биік үйлердің балқондарындағы құтқару ыяшалары.

-Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз

-Қолдан жасалған сақтандырғышты қолданбаңыз

-Тұрмыста пайдаланатын химиялық заттарды отқа жақын ұстамаңыз.

-Пеш жаққан кезде жанғыш сыйықтықтарды қолданбаңыз

Өрттен сақтану ережесін бұлжытпай орындаңыз, сонда сіз өз үй-мүлкіңізді сақтап қаласыз, адам шығынының алдын аласыз.

ҮЙДЕГІ ГАЗ

Газды пайдалану ережесін біліңіз және қатаң сақтаңыз!

Жыл басынан бері, облыс аумағында тұрғындарың газ жылыту қондырғыларын пайдалану барысында қарапайым қауіпсіздік салдарын естен шығармау қажет. Мысалы Сайрам ауданында 2014 жылдың қаңтар айында газ баллон арқылы жылу бөлетін жылыту қондырғысын пайдалану барысында өртсіз газ иісіне уланып 7 адам қайтыс болған. Осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында қарапайым мына төмендегі сақтық шараларын орындау қажет.

Газдың шығу себептері:

-Газ баллонды ауыстыру барысында арнайы газ тарату мекемесінің маманы орнатып тексеріп беруі қажет.

-оттықтағы жалын су немесе жел тиген кезде өшеді, сондықтан ыдыстарды сумен толтырып қоюға болмайды;

-жалғанған жерлердегі механикалық бұзылулар мен ақаулардың салдарынан газ шығады;

-редуктордың жалғанған жеріндегі бұрамаларының берік болмауы газдың шығуына соқтырады.

Қауіпсіздікті сақтау мақсатында:

-газ құралдарындағы ақауларды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз;

-құралдардан ұшқын шығуы мүмкін;

-газ құбырларына арқан байлауға және киімдерді кептіруге болмайды;

-жанып жатқан газ құралдарын қараусыз қалдыруға, әсіресе олардың жанында балаларды қалдыруға болмайды;

-газ плитасын жылыту үшін пайдаланбаңыз, толығымен жанбаған газ адам ағзасын уландырады.

Газдың шығуын тексеруге сабынды судың көбігін пайдаланыңыздар.

«Өрт тілсіз жау» сақтансаң сақтайды ағайын.

Мағжан ӨСКЕН,

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау лейтенанты.

Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

арқылы параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл - субектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдай-

лықтың мінез құлық нормасына айналуы тиіс.

Әрбір Қазақстандық отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін тусіну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру өскелең ұрпақтың жұмыс қағидатында маңызды рол атқарады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс

Жемқорлықтың жолын кесу-азаматтық парыз

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүлктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру

ларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік әрбір қазақстан азаматының ұстанымына, адалдық пен сатылмаушы-

ретінде сезіну және қабылдау қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендігінің негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Ғабит МҰСАБЕКОВ,
Созақ аудандық статистика басқармасының бас маманы.

ЖИТС /АИТВ өте қауіпті, бірақ оны болдырмауға болады

ЖИТС - жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы, қазіргі өркениеттің қауіпті ауруларының бірі. Бұл ауру жер шарының әр бұрышында белгілі және оны ХХ және ХХІ ғасырлардың эпидемиясы деп атайды.

Адамның иммун тапшылығы вирусының (АИТВ) таралуына қарсы күресте алдын-алудың біріктірілген бағдарламаларын кеңейту, халықты және адамзатты, жалпы алғанда, АИТВ/ЖИТС-тің жаһандық проблемалары, қазіргі қауіп факторлары, өлімге әкелетін аурудың алдын алу шаралары туралы кеңінен ақпараттандыру жағдайында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге болады.

ЖИТС - АИТВ инфекциясының соңғы кезеңі, инфекцияның кез-келген түріне төзімділіктің күрт төмендеуімен және онкологиялық ауруларға бейімділіктің жоғарылауымен сипатталады.

АИТВ инфекциясының көзі – ЖИТС-пен ауыратын науқастар, өмір бойы жұқпалы АИТВ тасымалдаушылары. Вирустың таралуы жыныстық қатынас, медициналық манипуляциялар, анандан балаға берілуі арқылы жүзеге асырылады. Инфекциядан бастап клиникалық симптомдар пайда болғанға дейін бірнеше айдан 10 жылға дейін созылуы мүмкін. Осы кезеңде жұқтырған АИТВ-ға қарсы антиденелер анықталмайды, осыған байланысты инфекцияның басқа адамдарға берілуі қауіп артады.

Аурудың басталуы ерекше белгілермен ерекшеленбейді. Лимфа түйіндерінің ұлғаюы, температураның жоғарылауы, дене салмағының

жоғалуы, диарея болуы мүмкін. Көбінесе бұл жағдайлар тұрмаумен және басқа аурулармен шатастырылады.

Адамның иммунитет тапшылығы вирусы адамның зақымдалған жабын тіндері арқылы ағзаға еніп, иммундық жүйе жасушаларының екі түріне әсер етеді: Т-лимфоциттер және макрофагтар. Т-лимфоциттерде қоздырғыштың көбеюі жүреді, бұл өз кезегінде иммундық тапшылықтың дамуына әкеледі, адам қорғаныш иммундық реакция қабілетін жоғалтады. Қазіргі жағдайда әр сау адамның денесінде болатын оппортунистік микрофлора белсендіріледі, бұл қабыну ауруларының дамуына (пневмония, сепсис), жүйке жүйесінің зақымдалуына (менингит, энцефалит), онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі. Аурудың нәтижесі қолайсыз, өліммен аяқталады.

АИТВ-инфекциясы диагнозы тестілеу нәтижелері негізінде белгіленеді.

Өкінішке орай, бүгінгі күні АИТВ-ға қарсы тиімді спецификалық вакцина жоқ, осыған байланысты шаралардың жалпы алдын алу шаралары: салауатты өмір салты, жауапты әлеуметтік мінез-құлық, медициналық көмектің қолжетімділігі, АИТВ-ға профилактикалық тестілеу, есірткіден бас тарту болып табылады.

Е.ТӨРЕБЕКОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшы м.а.

БЖЗҚ 3 триллион теңгеден астам сомаға ұлғайды

2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы жеке шоттарында 17,2 трлн теңгеден астам қаражат жинақталды. Бір жыл ішінде зейнетақы жинақтары 3,1 трлн теңгеден астам (немесе 22,1%) мөлшерге өсті. Жыл басынан бергі өсім шамамен 2,6 трлн

теңге (17,5%).

Қазақстандықтардың жинақтарының 96,78% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан. 2023 жылдың 1 қазанына МЗЖ көлемі бір жылда 21,9% ұлғайып, 16,67 трлн теңгеден асты. Жұмыс берушілер зиянды және қауіпті кәсіптер қызметкерлерінің зейнетақы шоттарына төлейтін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы өткен жылдың 1 қазанынан бастап 30,1%, ағымдағы жылдың басынан бастап 23,4% ұлғайып, 549,58 млрд теңгеге жетті.

Жылдық ең жоғары өсімді (59,3%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың көлемі 4,92 млрд теңге.

БЖЗҚ салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері шамамен 1,4 трлн теңге, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 91,1% жоғары. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың 9 айындағы инвестициялық кіріс шамамен 716,8 млрд теңге болды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ашу боран секілді...

Мәуленә Ж.Руми өзінің өмір сүру қағидасынан: «Ашу – боран секілді. Біраз уақыттан кейін басылады. Бірақ, оған дейін көп бұтақты сындырып үлгереді»-деген.

«Ашу–дұшпан, ақыл–дос, ақылыңа ақыл қос» деген мақал бекер айтылмаса керек. Асылында жауды сыртқы дүниеден іздейміз, алайда шындығында ең қатерлі дұшпан өзіміздің ішкі жан дүниемізде екенін қаперімізге алмаймыз. Сондай адамға қатерлі дұшпандардың бірі – ашу. Ашуланған кезде ақыл жүрмейтіні, ашу адамның ақыл-санасын тұмандандырып, есуастыққа ұрындырады.

Ашуды жеңудің ең тиімді әдісі – ақылға салу, сабыр сақтау, ұстамды болу. Ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл, қайырымды, мәйірімді адамашулана қоймайтыны анық. Белгілі жазушы Мұхтар Әуезов: «Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр серігі», - деп өте орынды айтып кеткен.

Ашу адамның денесінде пайда болып, сосын оның сөзі мен әрекетіне көшеді. Ашуға берілу адамға тән нәрсе, бірақ ол әр кез осы сезімін басып отыруы керек әрі ашудың оны, оның сөзін, әрекетін баурап алуына мүмкіндік бермеу және басқаларға зиянын тигізбеуге тырысуы тиіс. Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай дейді: «Біреуді жеңіп кететін адам күшті емес, ашу кезінде өзін ұстай алған адам күшті» (әл-Бұхари мен Мұслим).

Негізінде адамдар, ашулану тұрғысынан әртүрлі. Тирмизиде келген хадисте: «Адамдар, әртүрлі мінезді. Біреулер кеш ашуланады, алайда, ашуы тез тарқайды. Біреулер тез ашуланып, ашуы тез тарқайды және бұл нәрсе оларды ұтқарады. Біреулер тез ашуланып, кеш басылады. Ең жақсысы, кеш ашуланып ашуы тез басылған адам. Ең жаманы да, тез ашуланып кеш басылатын адам» делінген. Тағы бір хадисте: «Мүмин, тез ашуланып, тез басылатындығы» айтылған.

Табараниде жеткен хадистерде «Кімде-кім, Алла разылығы үшін ашуын жеңсе, Алла Тағала одан азабын алыстатады», «Ашуын жеңген адам жаннатқа қауышады».

Бұхариде келген хадисте: «Ашуын жеңген адамды Алла Тағала қорғайды және оған дұшпанын мойынсұндырады».

Бірде Пайғамбар (с.а.с.) тас көтеріп күштерін сынап жатқан адамдардан:

- Осы тасты көтеруден де қиын нәрсені бастыңдар ме? - деп сұрады.

- Иа Расуллалла, не екенін білдіріңізіші, - десті.

- Егер кісі, ашулы күйде ашуын жеңіп, одан кейін сабырлық жолын ұстанса, сендердің ең ауыр тас көтергендеріңнен де күштірек сол-деген екен.

Лұқман Хәкім баласына: «Мен тасты да, темірді де әрбір ауыр затты дерлік көтеріп көргенмін, бірақ жаман көршіден ауыр нәрсені көтергенім жоқ. Мен ащы атаулының түгел дәмін таттым, бірақ кедейліктен ащы нәрсенің

дәмін татпадым». Сондықтан «Дүние – терең теңіз, онда көп адам батып кеткен. Балам кемең – Алладан қорқу (тақуалық), ескегің – Аллаға иман, желкенің – Аллаға тәуекел болсын. Міне, сонда аман қаларсың, бірақ аман қалғаныңды көріп тұрғаным жоқ» - деп өсиет қылған екен.

Сүлеймен пайғамбар баласына: «Кімде-кім жамандық істейтін болса, әуелі өзінен бастасын», - деген екен. «Ұлым! Алла Тағаладан қорқушы бол. Өйткені бұл қасиет барлық нәрсені жеңіп шығады және дұшпаныңды ашуландырып келсе, балаң мен әйеліңді дұрыс тәрбиеле»-деген. «Ұлым! Жөн білетін адаммен ақылдаспайынша шаруа жасама. Расында, осылай етсең еш өкінбейсің», - деп өсиет қалдырған екен.

Қорыта келе Хазреті Хызыр былай деген: «Күлімдеген (жылы) жүзді бол, ашуланба! Әрқашан пайдалы іс жаса, аз да болса зиянды іс жасама! Қажетсіз жүрме, бостан бос күлме, ешкімді кемшілігі үшін айыптама, күнәларың үшін жыла!» Сондай-ақ хадис шәрифтерде: «Ашуланған адам, қалағанын істеуге күші жете тұра жылы мәміле көрсетсе, Алла Тағала оның жүрегін саламаттық және иманмен толтырады». (Ибн Әбиддунья)

«Ашу шайтанның уәсуәсынан пайда болады. Шайтан оттан жаралған. От сумен сөндіріледі. Ашуланған кезде дәрет алыңдар». (Әбу Дауд)

«Ашуланған адам тұрған болса отырсын, ашуы тарқамаса жатсын». (Әбу Дауд)

Жас жігіт данагөй қартқа келіп:

- Ақсақал, маған тапсырма беріңізші, - деді.

- Үндеме! - Түсінбедім.

- Тапсырма сондай. Үндеме!

Бір тәулік бойы жақ ашпа.

- Жарайды, жай ғана үндемеу болса қиын емес екен.

- Ал сен байқап көр! Алайда мен жарты сағат та шыдамай, сөйлеп қойып, кейін аузымды алақаныммен жауып жүрген кездерім де болды. Ал уақыт өте келе көп жағдайда сөз шығындап, сөз таластыранша, үндемей-ақ бар бәледен құтылуға болатынын ұқтым. Кейде үнсіздіктің тіпті жаныңа тыныштық сыйлап, айқай-шу, талас-тартыстардан бойыңды аулақ ұстайтынын ұқтым. Жөнсіз сөйлемудің, кейде мүлде үндемей қалудың пайдасы мол екен. Өзіңе сеніміңді арттырады, сабырлы болуды үйренесің, терең ойлап, шалт қимыл жасамауға әдеттенесің, жанған оттай лап ете қалатын бойыңдағы жаман дағдылардан арыласың, жаман ойды тежейтініміңді түсіндім. Сондамның өзі – түсінген адамға мол тәлім-тәрбие! - деді данагөй қарт. Ұрыс-керіс пен жанжал, кикілжің болып жатқан жерге кезігіп қалсаңыз, үндемеңіз. Тіпті, сол ұрыс-керіс өз басыңыздан өткерсеңіз де үндемеңіз. Себебі, үндемеген адам үйдей пәледен құтылады.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,
«Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру» бөлімінің басшысы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, өз заманының ағымына қарсы тұра алған қайраткер. Қазақ халқының рухани көшбасшысы бола отырып, ол қазақтарды бейбіт аспан астындағы болашақ өмір үшін білім алуға, ағартуға шақырды. Халқы үшін және оның мәдени-әлеуметтік жағдайын көтеру үшін қызмет етті.

1910 жылдардан бастап Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиі мен қазақ тілі оқулықтарын жаза бастады. Сол жылдары араб әліпбиіне негізделген қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасаумен айналысты («Байтұрсынов жазуы»). Осы жазу негізінде «Оқу құралы» деп аталатын бастауыш, кейін қазақ тілінің грамматикалық құрылымын талдап, «Тіл құралы» еңбегін жазды.

Қазақ халқы Ахметті «Ұлт ұстазы»



ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

деп бекер атамаған. Себебі оның «Әліпбиі» әлі күнге дейін бүкіл әлем бойынша қазақ диаспорасында қолданылып келеді. Ол өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге ықпал ететін мемлекеттің басты, идеологиялық маңызды буыны ретінде орта мектептің қажеттілігін негіздеді. Ол өз халқының рухани мұрасымен қаруланған адам ғана басқа халықтарға, олардың тарихы мен мәдениетіне құрметпен және түсіністікпен қарауға қабілетті деп санады.

Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі – «Әдебиет танытқыш» (1926 ж.). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тәжірибелер сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген.

Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны», - деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды.

Байтұрсынұлы тұтас тұлға болды, ізгі мақсатқа саналы түрде қызмет етті. Ол өз халқының проблемаларын көрмеу және естімеу мүмкін емес деп санады. Халық көмекке мұқтаж болғанда ол бақытты бола алмады. Сәкен Сейфуллин–Ахмет Байтұрсынұлы хақында: «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жырттып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сапып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет

қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті», - деген.

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым. Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көгертуге құл халықтың, - деген өлең жолдарынан-ақ алаш арысының өмірлік миссиясын аңғаруға болады. Қорланған халқының рухын көтеру үшін пендешілік дәнін сепкен ұлт көсемі Мұхтар Әуезов «Қазақ зиялыларының көсемі», - деп бекер атамаған.

Ахмет өз халқына адал қызмет етуді өмірдің басты мақсаты етті. Сол үшін ол мұғалім де, ғалым да, саясаткер де, мемлекет қайраткері де болды, осылайша Отанға адал қызмет етудің үлгісін көрсетті. Ол барлық жағдайда адал бола білді: Отанға деген махаббатта, жұбайына деген махаббатта, өзінің мақсаты мен құндылықтарына, ұлтына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті бойына сіңірген ұлт зиялысының жүрегі кең, ақылы асқақ, ғалым бола білді. Ол бір өлеңінде: «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін!» - деп, «Халқым бүгінгі күнде өмір сүреді, ал мен жасаған істердің бәрін халқымның жарқын болашағы үшін жасадым!» - деп келтіреді.

Әуезов айтқандай: «Бір басында сан салалы өнер тоғысқан, телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың «Рухани көсемі» – Ахмет қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам. Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген».

Оның тағдыры жанқиярлық, қадір-қасиет пен рухтың үлгісі. Тарихта әрдайым оның есімі «Қазақ ұлтын ұлықтаған ұстаз!» ретінде алтын әріптермен қала бермек.

Г. БЕКЖАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ бөлім маманы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Бірген ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.